

Қош бол, асыл Азамат!

Асылдар ғой -
Жаңаарқаның тумасы
Бойшаң бәрі,
Әрі сұлу тұлғасы.
Ол дүниеге керек бола қалыпты
Ғабдолладай,
Ақселеудей - жарықтық.

Бара қалсаң,
Ауылдан да сән кеткен
Шықпайды алдан
Туысқан-нан бөліскен.
Денем шошып,
Шырт ұйқыдан ояндым,
Еститіндей бір хабарды терістен.

Санасыздар
Сан соқтырып барады,
Саналыны Ғасыр қайдан табады?
Тіршіліктің күйбеңіне ой беріп,
Әлі жүрміз жақсылыққа бой бермей.
Сағынышпен ақ жүректен ағылдым.
Ерте кеткен
Ағаларды сағындым.

Өлең жазып, ән де айтып,
күй шерткен
Ғалым еді-ау, ағаларым тең өскен.

Сегіз қырлы,
Сәнді сырлы жандар еді
Жаны жайсаң,
Не нәрсеге бапты еді
Еңбегінді бас бармақпен бағалар
Талайларға көз жанары
қорған ед
Жер жұмсағын,
Жан жәннатын тілейміз
Ауыс сәтте
жақсыларды іздейміз.
Қолдан басқа келері жоқ фәниде
Мәңгілікке аттарың бар
Тәубе! - дейміз.
Өкініштен не іздейміз.
Қош бол, асыл Азамат!

Тұрсынхан Жақыпқызы БЕРДАЛИНА,
және Шалиндер әулеті.
16 қыркүйек, 2009 ж.